

Жоғары спорт шеберлігі мектептерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 тамыздағы № 298 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 18 қыркүйекте № 8718 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 106 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 22.11.2014 № 106 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Дене шынықтыру және спорт туралы» 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 23-бабының 21) тармақшасына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Жоғары спорт шеберлігі мектептерінің қызметін ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Жоғары жетістіктер спорты және спорт резерві департаменті (С.М. Жарасбаев) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында және Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің интернет-ресурсында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының орынбасары Е.Б. Қанағатовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Е. Қожағапанов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

С п о р т

ж ә н е

д е н е

ш ы н ы қ т ы р у

і с т е р і

а г е н т т і г і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

1 9

т а м ы з д а ғ ы

№ 298 бұйрығымен бекітілді

Жоғары спорт шеберлігі мектептерінің қызметін ұйымдастыру қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы жоғары спорт шеберлігі мектептерінің қызметін ұйымдастыру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Дене шынықтыру және спорт туралы» 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 23-бабы 21) тармақшасына сәйкес әзірленген және жоғары спорт шеберлігі мектептерінің (бұдан әрі – ЖСШМ) қызметін ұйымдастыру тәртібін анықтайды. ЖСШМ құрудың негізгі мақсаты спортшыларды халықаралық жарыстарға қатысуға (спорттық резервті) дайындау болып табылады.

2. ЖСШМ заңды тұлға болып табылады және өз қызметінде 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясын, 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексін, «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының кодексін, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңын, «Дене шынықтыру және спорт туралы» 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарын және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, мемлекеттік мүлік жөніндегі, дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органдардың бұйрықтарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сонымен қатар осы Қағиданы және ЖСШМ жарғысын басшылыққа алады.

3. ЖСШМ республикалық, облыстық және қалалық (аудандық) мәртебесі болуы мүмкін, сонымен қатар филиалдарын ашуға құқылы.

4. Осы Қағидада мынадай ұғымдар қолданылады:

1) бұқаралық-спорттық іс-шаралардың күнтізбесі – дене шынықтыру-спорт ұйымдарының оқу-жаттығу жұмысын күнтізбелік жылға жоспарлауы мен өткізуін реттейтін ресми құжат;

2) уәкілетті орган - дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) спорт түрі – біліктілік деңгейі, жаттығу ортасы, пайдаланылатын құрал-сайманы мен жабдығы, жарыс ережесі айрықша белгілері болып табылатын дене шынықтырудың құрамдас бөлігі;

4) аға жаттықтырушы – спорт түрлері бойынша жаттықтырушылыр құрамына

жалпы басшылықты іске асыратын және оқыту қызметімен тікелей айналысатын
с п о р т т а н ж а т т ы қ т ы р у ш ы ;

5) жаттықтырушы-оқытушы – жоғары кәсіптік білімі бар және оқыту
қызметімен тікелей айналысатын жеке тұлға;

6) спорттық резерв – жасөспірімдердің және жастардың жарыстарына
қ а т ы с а т ы н с п о р т ш ы л а р ;

7) халықаралық спорттық жарыстар - кемінде бес мемлекеттің өкілдері
қатысатын спортшылар (командалар) арасындағы спорт түрінен сайыстар;

8) оқушы – БЖСМ-да спортпен шұғылданатын тұлға;

9) спорттық жетілдіру топтары – оқу-жаттығу топтарында дайындықтан
өткен және мынадай атақтар мен разрядтарды орындаған спорт мектептерінің
оқушылары қабылданатын спортшылар топтары:

спорттың ойын түрлерінен, коньки тебу спортынан, жеңіл атлетикадан – 1-
с п о р т т ы қ р а з ь я д ;

спорттың басқа түрлерінен – «Қазақстан Республикасының спорт шеберіне
ү м і т к е р » ;

10) жоғары спорт шеберлігі топтары – спорттық жетілдіру топтарында
дайындықтан өткен және мынадай спорттық атақтар мен разрядтарды орындаған
спорт мектептерінің оқушылары қабылданатын спортшылар топтары:

спорттың ойын түрлерінен, коньки тебу спортынан, жеңіл атлетикадан – «
Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер»;

спорттың басқа түрлерінен – «Қазақстан Республикасының спорт шебері»;

11) тұрақты құрам – ЖСШМ тұрақты түрде жаттықтырылатын спортшылар;

12) ауспалы құрам – оқу-жаттығу жиына және жарыстарға шақырылатын,
және ЖСШМ штатында жұмыс істемейтін жаттықтырушылармен тұрақты түрде
ш ұ ғ ы л д а н а т ы н с п о р т ш ы л а р .

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Спорт және дене шынықтыру істері
агенттігі төрағасының 13.01.2014 № 7/ӘМ бұйрығымен (алғаш ресми
жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

5. ЖСШМ құру үшін мына міндетті талаптар болуы керек:

1) ғылымның және тәжірибиенің қазіргі заманғы жетістіктеріне сәйкес
оқу-жаттығу процесін ұйымдастыруға және сапалы өткізуге қабілетті білікті
жаттықтырушы-оқытушы құрам (бірінші біліктілік санатынан төмен емес);

2) оқушыларға оқу-жаттығу және тәрбиелік процестерді, қалпына келтіру
іс-шараларын спортшылардың тиімді демалысын және ұтымды тамақтануын,
толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін спорттың түрі (түрлері)
бойынша материалдық-техникалық база (жеке немесе жалға алынған);

3) спорттық жетілдіру және жоғары спорт шеберлігі топтарындағы спорт
мектептерінің оқушыларына қойылатын талапқа сай жасы және дайындық

деңгейі

бойынша

оқушылар;

4) оқушыларды спорттық-әдістемелік (ғылым) және медициналық қамтамасыз ету.

2. Мақсаттары мен міндеттері

6. ЖСШМ негізгі мақсаты спортшылардың жоғары спорттық жетістіктерге қол жеткізуге бағытталған олимпиадалық, олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрлерінен жыл бойы оқу-жаттығу, спорттық-әдістемелік қызметін жүзеге асыру болып табылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 13.01.2014 № 7/ӘМ бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. ЖСШМ негізгі міндеттері:

1) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасының негізгі құрамына спортшыларды іріктеу және дайындау;

2) оқу-жаттығу процессін ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ету, оның нәтижесін, физикалық сапасының жеке даму көрсеткішінің өсу динамикасын, спортшылардың техника-тактикалық дайындық деңгейін өсіруді талдауды жүзеге асыру;

3) оқушыларын жарыстарға қатысуын және сәтті өнер көрсетуін қамтамасыз ету;

4) ЖСШМ оқушыларының дайындық процессін материалдық-техникалық, әдістемелік, медико-биологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

5) ЖСШМ жаттықтырушы-оқытушы құрамын және басқа қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

8. ЖСШМ алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін мына функцияларды орындайды:

1) ЖСШМ оқушылары үшін Қазақстан Республикасында және шетелде жеке немесе жалға алған спорттық ғимараттарында жыл бойы оқу-жаттығу процессін өткізуге;

2) ЖСШМ оқушыларының кешенді нысаналы бағдарламасын және дайындық жоспарын іске асыру;

3) оқушылардың дайындық процессінің спорттық-әдістемелік (ғылыми) қамтамасыз етуді, медико-биологиялық, профилактикалық және қалпына келтіру іс-шараларын жүзеге асыру;

4) оқушылардың, жаттықтырушылардың және ЖСШМ басқа да қызметкерлерінің халықаралық және республикалық спорттық жарыстарға спорттық-бұқаралық іс-шаралар күнтізбелік жоспарға сәйкес оқу-жаттығу

процессіне қатысуын қамтамасыз етуді;

5) оқытушы-жаттықтырушы құрамы және ЖСШМ басқа да қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ шетелде кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

6) патриотизмді қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысын ұйымдастыру және өткізу.

3. Контингентті қалыптастыру тәртібі

9. Республикалық ЖСШМ республикалық жарыстардың жүлдегер және жеңімпаз спортшылары қабылданады.

Облыстық және қалалық (аудандық) ЖСШМ республикалық жарыстардың, облыстардың Астана мен Алматы қалаларының спорт түрлері бойынша біріншіліктердің жүлдегер және жеңімпаз спортшылары қабылданады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 13.01.2014 № 7/ӘМ бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. ЖСШМ контингенті олимпиадалық, олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрлерінен ұлттық, облыстық, Астана мен Алматы қалаларының құрама командаларының мүшелерінен жасақталған оқушылардың тұрақты және ауыспалы құрамынан құрылады.

ЖСШМ контингенті спорттық жетілдіру және жоғары спорт шеберлігі тобына кіретін оқушылардан қалыптасады. Спорттық жетілдіру және жоғары спорт шеберлігі топтарына қабылданған оқушылардың жасы белгіленген спорттық нормативтер және осы топтардың талаптары жыл сайын расталған жағдайда шектелмейді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 13.01.2014 № 7/ӘМ бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-1. Облыстық және қалалық (аудандық) ЖСШМ-де спорттық жетілдіру топтары спорттық жетілдіру топтары құрамының жеке тізімі бекітілген жағдайда, дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша ЖСШМ басшысының шешімі бойынша ашылады.

Республикалық ЖСШМ-де спорттық жетілдіру топтары спорттық жетілдіру топтары құрамының жеке тізімі бекітілген жағдайда, уәкілетті органның келісімі бойынша ЖСШМ басшысының шешімі бойынша ашылады.

ЖСШМ-де жоғары спорт шеберлігі тобы жоғары спорт шеберлігі тобы құрамының жеке тізімі бекітілген жағдайда, уәкілетті органның келісімі бойынша ЖСШМ басшысының шешімімен ашылады.

Ескерту. Қағида 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 13.01.2014 № 7/ӘМ бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. ЖСШМ-де спорттық дайындыққа қатысушылар мыналар болып табылады :

1) олимпиадалық, олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрлерінен ұлттық, облыстық, Астана мен Алматы қалаларының құрама командаларының тізімдік құрамына енгізілген спортшылар;

2) ЖСШМ аға жаттықтырушысы, білікті жаттықтырушы-оқытушылар, сонымен қатар ЖСШМ спортшыларын дайындауға шақырылған жеке ж а т т ы қ т ы р у ш ы л а р ;

3) спортшыларды даярлауға ЖСШМ шақырған дәрігелер, әдіскерлер, массажист, психологтар және басқа да мамандар.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 13.01.2014 № 7/ӘМ бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. ЖСШМ оқушыларының жеке тізімдік және жаттықтырушы-оқытушыларының құрамы, оқушылардың бір жылға арналған жеке дайындық жоспары, бір жылға арналған спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспары жыл сайын 15 желтоқсанға дейін уәкілетті органға (ЖСШМ республикалық мәртебесі бар жағдайда) немесе дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органға (ЖСШМ облыстық, қалалық (аудандық) мәртебесі бар жағдайда) келісуге ұсынылады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 13.01.2014 № 7/ӘМ бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13. ЖСШМ оқушыларының және жаттықтырушыларының дербес тізімін жаттығу және жарыс циклі аяқталған соң ЖСШМ басшыларының ұсынысы негізінде қажет жағдайда, уәкілетті орган (ЖСШМ республикалық мәртебесі бар жағдайда) немесе дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органға (ЖСШМ облыстық, қалалық (аудандық) мәртебесі бар жағдайда) қайта қ а р а с т ы р а д ы .

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 13.01.2014 № 7/ӘМ бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. ЖСШМ дайындыққа шақырылған оқушылар мына құжаттарды т а п с ы р а д ы :

1) жеке куәлігінің немесе паспорттың көшірмесін;

- 2) спорттық атақ берілген туралы куәлігінің көшірмесін;
- 3) медициналық картасының және Спорттық медицина және қалпына келтіру республикалық орталығының спортшының денсаулығы туралы қорытындысының көшірмелері;
- 4) спортшының жеке картасын;
- 5) бір жылға арналған оқу-жаттығу жұмысының жеке жоспарын.

15. ЖСШМ оқушылары мына талаптарды орындамаған жағдайда оқудан шығарылады:

- 1) медициналық қарсы айғақтар бар кезде;
- 2) жеке дайындық жоспарларының талаптарын орындамағанда, спорттық дайындық режимін бұзғанда;
- 3) өзінің спорттық нәтижесін төмендеткенде;
- 4) ЖСШМ ішкі тәртіп ережелерін бұзғанда;
- 5) спорттық этиканы бұзғанда;
- 6) Бүкіләлемдік допингке қарсы комитет тыйым салған допинг құралдарын қолданғанда.

16. ЖСШМ оқушылары сонымен қатар мына негіздемелер бойынша оқудан шығарылады:

- 1) өз еркімен;
- 2) заңды өкілдерінің арызы бойынша (оқушының кәмелет жасқа толмағанға дейін).

4. Оқу-жаттығу жұмысын ұйымдастыру

17. ЖСШМ оқушыларымен жүргізілетін оқу-жаттығу процессінің негізгі нысандары мыналар:

- 1) оқу-жаттығу жиынын ұйымдастыру және өткізу;
 - 2) ЖСШМ оқушыларының жас санаттары бойынша дайындық жоспарына сәйкес оқу-жаттығу процессін ұйымдастыру және өткізу;
 - 3) топтық және жеке оқу-жаттығу тәжірибелік және теоретикалық сабақтар;
 - 4) базалық және жалпы физикалық дайындау, арнайы физикалық дайындау және техникo-тактикалық дайындау бойынша оқу процессінің кезеңде жеке жоспар жөніндегі сабақтар;
 - 5) спорттық жарыстарға қатысу;
 - 6) перспективалы жоспар жасау және бір жыл бойынша жұмысты талдау;
 - 7) қалпына келтіру, сауықтыру және профилактикалық іс-шараларды өткізу;
 - 8) медициналық-биологиялық қамтамасыз ету;
 - 9) мақсатты тәрбиелік және патриоттық жұмысты қамтамасыз ету.
18. Оқу-жаттығу, тәрбиелік және патриоттық жұмыстарды ЖСШМ аға

жаттықтырушысы, оқытушы-жаттықтырушылар оқу-жаттығу сабақтарының жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Жоғары спорт нәтижелерін көрсеткен және өзінің спорт көрсеткіштерін арттыру перспективалары бар оқушылар Қазақстан Республикасының штаттық ұлттық командаларына қабылданады.

Оқушылардың халықаралық жарыстарда көрсеткен нәтижелері ЖСШМ, сондай-ақ спортшыларды дайындаған спорттық ұйымдарға есептеледі.

20. ЖСШМ аға жаттықтырушысы уәкілетті органның (ЖСШМ республикалық мәртебесі бар жағдайда) немесе дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органға (ЖСШМ облыстық, қалалық (аудандық) мәртебесі бар жағдайда) келісімі бойынша ЖСШМ басшылығымен қызметке тағайындалады және босатылады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 13.01.2014 № 7/ӘМ бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. ЖСШМ аға жаттықтырушысы оқушыларды дайындау бағдарламасын әзірлейді және оны орындауды шақырылған жаттықтырушыларымен бірлесіп бақылауға алады, оқушыларды дайындау және жарыстарға қатысу жұмысын ұйымдастырады, оқушылардың жарыстарда қатысу нәтижелерін үнемді талдауды өткізеді, оқушылардың дайындық жоспарларын және бағдарламаларын әзірлейді және оқу-жаттығу жұмысының жеке жоспарларын орындайды. ЖСШМ оқушыларымен патриоттық және тәрбиелік жұмысты ұйымдастырады және ө т к і з е д і .

22. ЖСШМ аға жаттықтырушысының ұсынысы бойынша оқушылардың жеке жаттықтырушылары ЖСШМ қаражаты есебінен оқушылардың орталықтанған дайындығына және жарыстарға қатысады.

Жеке жаттықтырушы оқушының жеке жоспары бойынша оқу-жаттығу процессінің жаттығу сабақтарын өткізеді және ЖСШМ аға жаттықтырушысының тікелей басшылығымен жұмыс істейді.

23. Оқушыларды медициналық бақылау және олардың функционалдық дайындығы жағдайының диагностикасы үшін, профилактикалық іс-шараларды өткізу және қалпына келтіру процесстерін оңтайландыру үшін ЖСШМ бөлінген қаражаттар шегінде тиісті аппаратурамен, қажетті медикаменттермен және медициналық құралдарға арналған жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

24. Спорттық дәрігерлер ЖСШМ жаттықтырушыларымен бірігіп оқушылардың оқу-жаттығу жиыны, жарыстар, демалыс кезеңінде дәрігерлік-педагогикалық бақылауды жүзеге асырады. Дәрігерлік бақылаудың нәтижелерін жаттықтырушылар ЖСШМ спортшыларының жеке дайындық жоспарларын түзету үшін пайдаланады.

25. Оқушыларды медициналық қамтамасыз ету үшін және оларға функционалды диагностиканы және қалпына келтіру іс-шараларын өткізу үшін ЖСШМ қажетті медициналық үй-жайлармен жабдықталған.

26. ЖСШМ оқушылары үшін жыл сайын жылына екі рет Республикалық спорттық медицина және қалпына келтіру орталығында, сонымен қатар басқа да медициналық мекемелерде тереңдетілген медициналық тексеру өткізіледі.

5. Тәрбие жұмысы

27. ЖСШМ тәрбиелік жұмысты ЖСШМ басшысы бекіткен жоспар бойынша ұйымдастырады және өткізеді.

28. ЖСШМ тәрбие жұмысы оқушылардың жан-жақты гармониялық дамуына бағытталған және жасы мен жеке ерекшелігін, спорттық шеберлігінің деңгейін және спорттық мектептердің салтын ескере отырып жүзеге асырылады. Тәрбие жұмысы оқу-жаттығу сабақтары, жарыстар үдерісінде және күнделікті өткізіледі, және оқушының спортпен айналысуға, өзінің спорттық шеберлігін үнемі арттыруға, патриотизмді, шеберлікті, тәжірибені тәрбиелеуге және оларды практикалық қызметінде шығармашылық қолдауға, спорттық этиканы сақтауға қажеттілігін қалыптастыру тиіс.

6. Қаржыландыру және материалдық қамтамасыз ету

29. ЖСШМ қаржыландыру бюджеттік және басқа да заңнамаға қарсы емес төлемдерден жүзеге асырылады.

30. ЖСШМ штаттық кестесі ЖСШМ басшылықты жүзеге асыратын органның келісіммен еңбек ақы қорының шегінде ЖСШМ басшымен бекітіледі.

31. ЖСШМ оқу үдерісін қамтамасыз ету үшін кино-фото лабораториясы, спорттық электроника, спорттық биомеханика лабораториясы, есептік, компьютерлік, көбейткіші және видеотехникасы, автокөлігі болуы мүмкін. ЖСШМ оқушыларды, оқытушы-жаттықтыру құрамын спорттық киіммен, аяқ-киіммен және жабдықтармен белгіленген тәртіппен қамтамасыз етеді.

32. ЖСШМ ақылы қызметтерді мектептің бейіміне сәйкес жүзеге асырады.